



**«СКО әкімдігінің ДСБ» КММ «Шал ақын ауданының аудандық ауруханасы»
ШЖҚ КМК ауруханасында сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарын
сақтау мәселелері бойынша ай сайынғы түсіндіру және оқу іс-шараларының
хаттамасы**

Сергеевка қаласы

12 тамыз 2024 жыл

**Откізілетін уақыты:сағат 16:00
Откізілетін орын:Акт залы**

**Қатысқандар:«Шал ақын аудандық ауруханасының» ШЖҚ КМК
қызметкерлері,дәрігерлері,ОМҚ.**

Кенес хатшысы: комплаенс маманы-И.А.Анафияов

Күн тәртібі

**«2022-2026 жылдарға арналған КР Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясат
тұжырымдамасы бойынша түсіндіру жұмыстары» тақырыбында семинар.**

**Комплаенс маманы И.А.Анафияов түсініктеме берді: Қазақстан Республикасының
2022 - 2026 жылдарға арналған сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының
тұжырымдамасы және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына
өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2
акпандығы № 802 Жарлығы.**

**Қазақстан Республикасының
сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының
2022-2026 жылдарға
арналған тұжырымдамасы**

МАЗМҰНЫ:

1-бөлім. Тұжырымдаманың паспорты

**Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026
жылдарға арналған тұжырымдамасы
Әзірлеу үшін негіз**

**Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы (Мемлекет басшысының 2021
жылғы 1 қыркүйектегі "Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің
берік негізі" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық
іс-шаралар жоспарының 88-тармағы)**

**Әзірлеуге жауапты мемлекеттік орган Қазақстан Республикасының Сыйбайлас
жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет)
Іске асыруға жауапты мемлекеттік органдар мен ұйымдар мемлекеттік органдар,
ведомстволық бағынысты ұйымдар, квазимемлекеттік сектор субъектілері**

2-бөлім. Ағымдағы ахуалды талдау

2.1. Қол жеткізілген нәтижелер

Қазақстанның сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты қоғамның сұраныстарына қарай, ұлттық практика мен озық шетелдік тәжірибелі ескере отырып, ұдайы жетілдіріліп отырады. Бұл бағытта жүйелі және кешенді тәсіл Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы №986 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын (бұдан әрі – Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стратегия) іске асыру арқылы қамтамасыз етілді.

"Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Занының қабылдануына орай алдын алу және қылмыстық-құқықтық құралдардың ақылға қонымды тенгерімі бар сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларының жүйесі құрылды.

Қазақстан Республикасының Президентіне бағынатын және есеп беретін, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі тәуелсіз уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) құрылды.

Агенттік мемлекеттің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының басты жүргізуіші бола отырып, өз қызметінде тиімді алдын алу, ауқымды ағарту, қоғаммен сындарлы әріптестік және қылмыстық-құқықтық шаралар элементтерін штастырады.

Мемлекеттік қызметтегі алдын алу шаралары

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" жаңа Занмен мемлекеттік қызметтің "мансалық" моделіне көшу қамтамасыз етілді, ашық конкурстық іріктеу, құзыреттілік негізінде ілгерілету тетіктері арқылы меритократия қағидаттары енгізілді. Командалық ауысулар үшін жасалатын жағдайлар азайтылып, мемлекеттік қызметшілердің тиімділігін бағалау жүйесі түбегейлі қайта қаралды, жұмыс нәтижелеріне байланысты еңбекке ақы төлеудің жаңа жүйесін сынап көру жүргізілді.

Мемлекеттік қызметшілердің әдеп кодексі қолданылуда, жергілікті және орталық мемлекеттік органдарда әдеп жөніндегі уәкілдер институты құрылды. Әдеп жөніндегі кеңестер жұмыс істейді.

Мемлекеттік қызметшілер, Парламент депутаттары мен судьялар үшін шетелдік банктерде шоттарды иеленуге сыйбайлас жемқорлыққа қарсы жаңа шектеу енгізілді.

Жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын, сондай-ақ мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген, оларға теңестірілген адамдарға және олардың отбасы мүшелеріне қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты сыйлықтарды алуға және сыйға тартуға толық тыйым салу көзделген.

Аталған адамдардың жақын туыстарымен, жұбайларымен және жекжаттарымен бірге қызмет (жұмыс) істеуіне жол бермеу туралы нормалар күшеттілді. Мемлекеттік лауазымға кандидаттар мемлекеттік ұйымда жұмыс істейтін туыстары туралы хабардар етуге міндетті.

Каржылық бақылау шаралары жетілдірілді. 2021 жылы мемлекеттік қызметшілер, оларға теңестірілген тұлғалар, сондай-ақ олардың жұбайлары жалпыға бірдей декларациялау шенберінде өздерінің барлық активтерін тіркеп, "кіріс" декларацияларын ұсынды. 2022 жылдан бастап кірістер мен шығыстарды салыстыру жузеге асырылатын болады.

Әкімдердің қызметін бағалау "сыбайлас жемқорлық деңгейі" нысаналы индикаторымен толықтырылды және сыйбайлас жемқорлық индексін өңірлік өлшеу әдістемесі бекітілді.

Соттар мен құқық қорғау органдарында сыйбайлас жемқорлықтың алғышарттарын бағыттауда азайту

Судьяларды іріктеу және бағалау жүйесі жақсартылды. Облыстық және оларға теңестірілген соттарда судьяның әдебі жөніндегі комиссиялар жұмыс істейді, Жоғарғы Соттың жаңындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінің ішкі кауіпсіздік және соттарда сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу бөлімі құрылды.

"Татуластырушы судья" лауазымы енгізілді, бұл соттарға жүктемені үш есе азайтты: істердің жартысына жуығы татуласумен аяқталуда, тараптар сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайтып, дауды өздері шешүде.

Сот процестері онлайн-режимге ауыстырылды. Истерді автоматты бөлу алгоритмінде айла-шарғы жасау мүмкіндігі жойылды.

Зан үстемдігі қағидатын сөзсіз қолдану мақсатында, халықаралық бизнестің азаматтық және коммерциялық дауларын жедел шешу үшін ерекше құқықтық режим шенберінде жұмыс істейтін "Астана" халықаралық қаржы орталығының Тәуелсіз соты құрылды.

Азаматтардың конституциялық құқықтарын сактау кепілдіктерін күшетуге, жазалаудың бұлтартастығына және сыйбайлас жемқорлықтың алдын алуға ағытталған қылмыстық процестің үш буынды моделі енгізілуде.

Пенитенциарлық мекемелерде және полицияның қызметтік үй-жайларында, сондай-ақ құқық қорғау органдарының барлық жедел-тергеу бөлімшелерінде жаппай бейне-байқау енгізілуде.

Күнделікті практикада сотқа дейінгі тергеп-тексерудің, әкімшілік іс жүргізудің, тексеру субъектілері мен объектілерін есепке алушың электрондық жүйелері, сондай-ақ "Qamqor" ақпараттық сервисі қолданылады.

Құқық бұзушылардың лауазымды адамдармен тікелей байланысын болдырмайтын "Сергек" жол жүрісін бейне-бақылау практикасын кеңейту құқық қорғау органдарының қызметіндегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендету үшін цифрландыруды пайдаланудың жарқын мысалы болып табылады.

Құқық қорғау жүйесіне мемлекеттік қызметте қолданылатын рекрутинг стандарттарын енгізу іріктеудің айқындылығын және тиісінше, кадрлардың сапасы мен "тазалығын" қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлық үшін қылмыстық жауапкершілігін күшетумен қатар, олардың жалақысын арттыру бойынша шаралар қабылданды, сондай-ақ жекелеген санаттарға тұрғын үйді жалға алу және сатып алу шығындарын өтеу көзделген.

Қоғамдық бақылауды кеңейту, мемлекеттік органдардың ашықтығын қамтамасыз ету

Қазақстанда үкіметтік емес ұйымдардың тұтас қатары әрекет ететін қоғамдық бақылау күшеттілді.

Ұлттық алдын алу тетігі, қоғамдық байқаушы комиссиялар белсенді жұмыс істеуде. Қазақстан Республикасы Президентінің жаңындағы Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі құрылды.

"Халық үніне құлақ асатын мемлекет" тұжырымдамасы шенберінде азаматтық қоғамды шешімдер қабылдау процестеріне тарту үшін тиімді институционалдық-құқықтық негіз қалыптастырылды.

"Қоғамдық кеңестер туралы" Занға өзгерістер енгізу арқылы қоғамдық кеңестердің құқықтық мәртебесі кеңейтілді.

Қоғамдық бақылауды енгізу процесінде саяси партиялар маңызды рөл аткарады. "Amanat" партиясы 2025 жылға дейінгі сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бағдарламасын қабылдады, сондай-ақ сыйбайлас жемқорлыққа қарсы бірқатар бастамалар "Өзгерістер жолы: әр азаматқа лайықты өмір!" атты сайлауалды бағдарлама шенберінде іске асырылуда.

Жұртшылық өкілдерінен құрылған арнаулы мониторингтік топ Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның іске асырылуын бағалауды қамтамасыз етті.

"Ақпаратқа қол жеткізу туралы" Занда қоғам алдында өсеп беретін және транспарентті мемлекетті қалыптастыру үшін негіздер қаланды.

"Ашық үкімет" электрондық платформасында ашық деректердің бес порталы құрылды: "Ашық бюджеттер", "Ашық НҚА", "Ашық деректер", "Мемлекеттік органдардың тиімділігін бағалау", "Ашық диалог".

Бұл ресурстар азаматтардың бюджеттік бағдарламаларды, нормативтік құқықтық актілердің жобаларын талқылауға қатысуына, статистикалық ақпарат алуына және мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің басшыларына проблемалық мәселелермен жүргінуіне мүмкіндік береді.

"e-Өтініш" арнаулы сервисін енгізу арқылы азаматтардың жолданымдарымен ұмысты қайта іске косу жүзеге асырылды, ол шағымдарды ынғайлы және жылдам беруге, олардың қаралуын онлайн-режимде қадағалауға мүмкіндік береді.

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің қабылдануына орай жария-құқықтық дауларды қарау кезінде жеке және занды тұлғалардың құқықтарын қорғаудың тиімді тетіктері енгізілді, сондай-ақ билік органдарының шешімдер қабылдау процесіне азаматтардың қатысу кепілдіктері күштейтілді.

Жұртшылық қатарынан 150 тәуелсіз сарапшыны тарта отырып, 11,2 мың нормативтік құқықтық актінің жобасына сыйбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама жүргізілді, бұл 30 мыңнан астам сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтауға мүмкіндік берді.

Өнірлік мәні бар маңызды мәселелерді шешуге азаматтардың қатысуына негізделген жергілікті өзін-өзі басқарудың тиімді моделі дамытылуда.

Астананың, республикалық және облыстық маңызы бар қалалардың тұрғындарына аумақтарды абаттандыру, көгалдандыру және санитариялық тазарту өніндегі жобаларға бастамашылық етуге мүмкіндік беретін "халық қатысатын бюджет" енгізілді.

Бюджеттің төртінші деңгейін қалыптастыру арқылы ауыл халқының бюджет қаражатының не үшін жұмсалатынын дербес анықтау мүмкіндігі бар.

Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдық округтердің, кенттер мен ауылдардың әкімдерін сайлау енгізілді.

"Адалдық алаңы" жобасының ауқымы ел бойынша кенейтілді, ол сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу мәселелерінде мемлекеттік органдардың азаматтық қоғаммен өзара іс-қимыл арналарын құруға мүмкіндік берді.

Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру, парасаттылық идеологиясын және сыйбайлас жемқорлыққа "мұлдем төзбеушілікті" ілгерілету

Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы ұлттық қозғалысқа барлық мұдделі топтар: окушылар, студенттер, оқытушылар, мемлекеттік қызметшілер, кәсіпкерлер, инвесторлар, тәуелсіз сарапшылар, еріктілер және басқалар тартылған.

Бакалавриаттың барлық мамандықтары бойынша білім беру бағдарламалары "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері" элективті пәнімен толықтырылды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жоғары стандарттары бар қазақстандық бірқатар жоғары оқу орындары Академиялық адалдық лигасына бірікті.

Сыбайлас жемқорлық фактілері туралы хабарлайтын және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға өзгеше түрде жәрдемдесетін азаматтарды көтермеледің сарапанған жүйесі енгізілді. Енді сыйақылар бұрынғыдай белгіленген мөлшерде емес, қараның немесе келтірілген залалдың мөлшеріне қарай төленеді. Ең жоғары төлем төрт мың айлық есептік көрсеткішті құрауы мүмкін.

Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті арттыру бойынша кешенді шаралар қабылданды. "Транспаренси Қазақстан" қоғамдық қорының "2020 жылы Қазақстандағы сыбайлас жемқорлық жай-күйінің мониторингі" атты зерттеуінің деректері бойынша қазақстандықтардың 60%-ы сыбайлас жемқорлықпен куресте көмек көрсетуге дайын екендіктерін білдірді.

Бизнес-процестерді автоматтандыру

Жаңа технологияларды қолдану мемлекеттік органдардың клиентке

ағдарлануының басым міндетін көрсете отырып, азаматтарға электрондық және мобиЛЬДІК форматтарда қызметтер көрсетуге мүмкіндік береді.

2020 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан "электрондық үкіметтің" даму деңгейі бойынша рейтингте БҰҰ-ға мүше 193 елдің арасында – 29-орынды (2018 ж. – 39), ТМД елдері арасында – 1-орынды, Азия елдері арасында 6-орынды иеленді.

"Цифрлық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасы шенберіндегі кешенді және дәйекті жұмыстың нәтижесінде Қазақстанның позициясы жақсарды.

Мемлекеттік органдар мен ұйымдардың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің басшылары үшін сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бөлігінде өлшенетін нысаналы көрсеткіштердің түпкілікті, негізделген, тусінікті және тұракты тізбесі жоқ.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы ағымдағы ахуалды талдау жалпы алғанда, қабылданып жатқан шараларға қарамастан, қоғамның әділдікті, баршаның заң алдындағы теңдігін және жауапкершіліктің бұлтартпастығын қамтамасыз етуге деген сұранысының сақталып отырғанын көрсетеді.

3-бөлім. Халықаралық тәжірибелі шолу

Шетелдік озық практикалардың халықаралық тәжірибесі сыбайлас жемқорлыққа қарсы тиімді іс-қимыл жасау үшін көптеген факторлар мен элементтерді кешенді түрде ұштастыруды көздейтін жүйелі тәсіл қажет екенін көрсетеді. Бұл ретте институционалдық тетіктер мен құқықтық құралдарды дамыту, қоғамдық хабардарлықты және азаматтық қоғамның тартылуын арттыру мәселелеріне ерекше көңіл білу қажет.

Кең қоғамдық қолдау болмаса, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі күш-жігер сәтсіздікке ұшырайды. Бұл тұрғыда тиісті мәдениетті қалыптастыру елеулі рөл атқарады. Сондықтан Доха декларациясында қылмыскерлік пен сыбайлас жемқорлықтың алдын алуда, занды құрметтеу мәдениеттің құруда білім берудің рөлі баса айтылған.

Неғұрлым дамыған елдердің практикасы ақпаратқа кеңінен қол жеткізудің, шешімдер қабылдау процестерінің айқындығы мен қоғамдық қатысу тетіктерін

ұрудың сыйбайлас жемқорлықты барынша азайтуға елеулі дәрежеде ықпал ететінің көрсетеді.

Мысалы, мемлекеттік шығыстар туралы ақпараттың қолжетімді болуы мемлекеттік органдардың қызметін бақылауды қамтамасыз етудің негізгі факторларының бірі болып табылады. Бразилия, АҚШ, Украина, Оңтүстік Корея порталдарында бюджеттер туралы барынша кең ақпарат қамтылған.

Тағы бір мысал – Грузияның электрондық сатып алу жүйесі, онда стандартты функционалмен қатар конкурстық бетте онлайн сұрақтар қою және жария түрде жауаптар ұсыну, тендерлік процестің кез келген кезеңінде талап қоюды беру, сондай-ақ Сатып алу және конкурстар жөніндегі мемлекеттік агенттіктің мониторингі шеңберінде цифрлық форматта тендер бойынша тәуекелдерді анықтау мүмкіндігі көзделген.

Ашық ақпараттың болуы журналистік тергеп-тексерулерді жүргізуге де жағдай жасайды. Мұндай практика Ұлыбританияда, Францияда, Швецияда және еуропаның басқа да елдерінде кең таралған.

Дүниежүзілік банкті тарту құралы қызығушылық тудырады. Электрондық "Интегрити Эпп" (Integrity App) қосымшасы азаматтардың алаяқтық пен сыйбайлас жемқорлыққа байланысты проблемалар туралы хабарлауына мүмкіндік береді. Оның пайдаланушылары, мысалы, құрылышы аяқталмаған мектептің фотосуреттерін, пара сұраудың аудио жазбасын не кез келген басқа файлды немесе құжатты жібере алады.

Цифрландыру әкімшілік кедергілерді азайтудың, дискрецияны қысқартудың және мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттырудың маңызды факторы болып табылады.

Эстонияның мемлекеттік дерекқорында экономикалық статистика мен сот архивтерінен бастап азаматтардың медициналық карталары мен шағымдарына дейін барлығы бар. Осы орайда, кез келген әрекет жүйенің тарихында өз ізін қалдырады, бұл қысқа мерзімде бұзушыны табуға мүмкіндік беріп, деректердің қорғалуын қамтамасыз етеді және сыйбайлас жемқорлықты барынша азайтады. Оның үстіне шенеуніктер мен азаматтардың өзара іс-қимылды мүлдем жоқ немесе барынша төмен денгейде.

Оңтүстік Кореяда ЮНИ-ПАСС (UNI-PASS) кедендік ресімдеудің электрондық жүйесі енгізілген, ол кеден қызметкерлері мен көрсетілетін қызметті алушылардың арасында жеке байланыстарды қысқарту есебінен сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендettі.

Австралияда, Мажарстанда, Молдовада, Румынияда және АҚШ-та сыйбайлас жемқорлық фактілерін болғызбау және анықтау үшін парасаттылыққа тексеру табысты түрде пайдаланылуда. Ол тестіленетін адам білмейтін сыйбайлас жемқорлық мінез-құлықты анықтау мақсатында модельденген жағдайды білдіреді.

Жеке мұдделерді декларациялау, ден қою және жауапкершілік шараларын қамтитын мұдделер қактығысын реттеу маңызды алдын алу тетігі болып табылады.

Сонымен қатар, "айналмалы есік" практикасына қарсы іс-қимыл сыйбайлас жемқорлыққа қарсы реттеудің ажырамас бөлігі болып табылады. Бұл термин жұмыскерлердің мемлекеттік сектордан жекеше секторға ауысуы деп түсініледі.

Мәселен, Норвегияда мемлекеттік қызметшілердің – жекеше кәсіпкерлік құрылымдарға және бизнесмендердің билік құрылымдарына ауысуы үшін жарты жылға дейінгі мерзімге "карантин" қағидалары қолданылады. Осындай шаралар

ерманияда, Испанияда, Латвияда, АҚШ-та, Франция мен басқа елдерде қолданылады.

Шектеу шараларын көнектүмен қатар мемлекеттік қызметшілердің әлеуметтік кепілдіктері де белгіленеді. Әлемде әртүрлі тәсілдер: арнаулы зейнетакы жүйелері, тегін медициналық сақтандыру, көлік шығыстары, балаларға арналған жәрдемақы, тұрғын үй төлемдері және басқалар қолданылады.

Мысалы, Франция мен Жапонияда тұрғын үй және көлік өтемақылары көзделген. Ұлыбританияда мемлекеттік қызметшілердің зейнетакы әударымдары жекеше сектордағы қарағанда 15%-ға жоғары.

Сонымен бір мезгілде шет елдерде мемлекеттік қызметшілердің қосымша табыс көздеріне қойылатын шектеулер аз.

Мәселен, Грекияда мемлекеттік қызметшілер өзге ақылы жұмысты рұқсатпен және ол қызметтік міндеттерін сапалы орындауға кедергі келтірмеген жағдайда орындаі алады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы органдардың тиімділігі қажетті деректерге қол жеткізуге тікелей байланысты. Мысалы, Гонконгта, Сербияда, Сингапурда сыбайлас жемқорлыққа қарсы ведомстволарға өз функцияларын орындау мақсатында

електрондық дереккорларға кеңінен қолжетімділік және банктер мен өзге де қаржы мекемелерінен лауазымды адамдардың келісімінсіз, олардың шоттары мен қаржы қаражаты туралы ақпарат сұрату құқығы берілген.

Ақшаны жылыстатуға қарсы күрестін қаржылық шараларын әзірлеу тобы (ФАТФ) құзыретті органдарды заңды тұлғалардың бенефициарлық меншігі туралы жеткілікті, дәл және уақтылы ақпаратты алу немесе оған дер кезінде қол жеткізу мүмкіндігімен қамтамасыз етудің маңызды екенін атап өтеді.

Осыны ескере отырып, 2016 жылдан бастап Ұлыбританияда компанияға "елеулі бақылауы бар" тұлғалардың тізілімі (Register of people with Significant Control) енгізілді. Оған компания капиталының 25%-дан астамын иеленетін немесе оған бақылау жасау не оны басқаруға ықпал ету мүмкіндігі бар адамдар енгізілген.

Бизнестің парасатты мінез-құлқын көтермелеу сыбайлас жемқорлыққа қарсы өзекті тренд болып табылады. Шығыс Еуропа елдерінде өнімдерді, көрсетілетін қызметтер мен маркетингтік материалдарды ашық бизнес-таңбалаудың "Мөлдір олқын" ("Clear Wave") бастамасы іске асырылды. Бұл белгі іскерлік әдептің, айқындықтың, жауапкершілік пен орнықтылықтың символы болып табылады.

Бизнестің мінез-құлқың стандарттары белгіленетін парасаттылық туралы пактілер жасасу практикасы да қолданылады. Көп жағдайда олар ірі жобаларға арналған нақты ашық мемлекеттік конкурска немесе тендерге байланысты болады.

Халықаралық денгейде өндіруші салалардың айқындығы (EITI) және құрылыш секторының айқындығы (CoST) бастамалары парасаттылық туралы белгілі пактілер болып табылады.

Жалпы алғанда, озық практикаларды талдау сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты дамытудың мынадай үрдістері мен перспективаларын айқындауға мүмкіндік береді:

- 1) қоғамда парасаттылық мәдениетін нығайтуға бағытталған ағарту іс-шараларын жүйелеу;
- 2) бизнестің парасаттылығын ынталандыру;
- 3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға азamatтық қоғамды тарту;

- 4) мемлекеттік аппараттың қызметі туралы ақпаратқа қолжетімділікті көнектүү және шешімдер қабылдаудың айқындығын қамтамасыз ету;
- 5) цифрландыру сыйбайлас жемқорлықты барынша азайту құралы ретінде;
- 6) мемлекеттік қызметшілер үшін әлеуметтік кепілдіктерді көнектүү;
- 7) мұдделер қактығысын болдырмау және реттеу;
- 8) азаматтық-құқықтық, тәртіптік, әкімшілік-құқықтық және қылмыстық-құқықтық аспектілерде құқықтық мәжбүрлеу шараларының тиімділігін арттыру.

4-бөлім. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты дамыту пайымы

Қазақстан сыйбайлас жемқорлыққа қарсы бір сарынды іс-қимылдан қоғамдық сананы түбегейлі өзгертуге, халықтың сыйбайлас жемқорлық пен непотизмнің кез келген нысандарын қабылдамауына, алдын алу шараларының басымдығына көшуді көздейді.

Кол жеткізілген нәтижелерді, халықаралық стандарттарды және алдағы кезеңге арналған стратегиялық мақсаттарды ескеретін сыйбайлас жемқорлыққа қарсы біртұтас саясатты дамыту жалғастырылатын болады.

Тиісті шаралар мен нысаналы қөрсеткіштер елдің стратегиялық құжаттарында – "Қазақстан-2050": қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты" стратегиясында, Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі жалпыұлттық басымдықтарында, Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарында, Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық қауіпсіздік стратегиясында, Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасында, Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі құқықтық саясат тұжырымдамасында және басқаларда көзделген.

Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы стратегиялық мақсат 2026 жылдың қорытындысы бойынша Transparency International Сыйбайлас жемқорлықты түйсіну индексінде 47 баллға, 2030 жылға қарай 55 баллға қол жеткізу болып табылады.

5-бөлім. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты дамытудың негізгі қағидаттары мен тәсілдері

Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясат:

- 1) баршаның заң алдындағы тенденцияларын анықтаудың әділдік;
- 2) жариялыштық, айқындық және қоғамға есеп беру;
- 3) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын кешенді пайдалану;
- 4) сыйбайлас жемқорлықтың алдын алуудың басымдығы;
- 5) мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара іс-қимылы;
- 6) тиімділік пен нәтижелілік;
- 7) сыйбайлас жемқорлықтың барлық көріністерінде оны қабылдамау;
- 8) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсететін адамдарды қорғау;
- 9) сыйбайлас жемқорлық үшін жауапкершіліктің бұлтартпастығы;
- 10) сапалы цифрлық трансформация қағидаттарына негізделеді.

Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты дамыту тәсілдері мынадай міндеттерді орындау арқылы іске асырылатын болады:

- 1) сыйбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті қалыптастыру;
- 2) сыйбайлас жемқорлықтың мүмкіндіктерін жою;

- 3) жауапкершіліктің бұлтартпастығын қамтамасыз ету жөніндегі шараларды жетілдіру;
- 4) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда азаматтық қоғамның рөлін күшету;
- 5) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды іске асырудың тиімді мониторингін қамтамасыз ету;
- 6) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның қызметін одан әрі жетілдіру.

1-міндет. Сыйбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті қалыптастыру

Құндылықтарды өзгерту және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті арттыру

Адалдық, заңдылық пен прагматизм әркімнің ішкі құндылық нанымына айналуға тиіс.

Қоғам сыйбайлас жемқорлықты проблемаларды онай шешудің кепілі ретінде қабылдамауға, достық қарым-қатынас пен протекционизмді жұмыспен үштастырмауға тиіс. Жемқорлар қоғамдық айыптауға ұшырауға тиіс.

Адамның сыйбайлас жемқорлық іс-әрекет жасауды немесе жасамауды таңдауы жазаның ауырлығымен және қылмыс жасаудан күтілеттін пайдамен салыстырылмауға тиіс.

Сыйбайлас жемқорлықтың жоғары тәуекелдеріне шалдыққан қаржылық процестер үшін сыйбайлас жемқорлық индикаторларының жүйесі және оларды анықтау алгоритмдері қажет.

Ұсынылған сыйбайлас жемқорлыққа қарсы құралдарды қолдану нәтижелері ұсынымдық сипатта болуға және бизнесті жүргізудің белгіленген стандарттары мен қағидаттарына қайшы келмеуге тиіс.

Кәсіпкерлік субъектілерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы ұсынымдарға сәйкестігі экономикалық және беделдік ынталандырулар арқылы оларды көтермелеу шараларын қолдануға негіз болады.

2-міндет. Сыйбайлас жемқорлық мүмкіндіктерін болдырмау

Бюджет қаражатын тиімсіз жұмсау тәуекелдерін және сатып алуша сыйбайлас жемқорлықты азайту

Жалпы, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда алдын алудың анағұрлым әсеріне қол жеткізу үшін сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың ғылыми құрамдас өлігін дамыту бойынша қосымша шаралар қабылданатын болады.

3-міндет. Жауапкершіліктің бұлтартпастығын қамтамасыз ету жөніндегі шараларды жетілдіру

Жауапкершіліктің бұлтартпастығы қағидаты жазалау практикасында ғана емес, елдегі заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуде, келтірілген залалды өтеуде және әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіруде де болуға тиіс.

Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда елеулі прогрессе қол жеткізу және жауапкершіліктің бұлтартпастығын қамтамасыз ету үшін, Қазақстанның жаңа халықаралық құқықтық құралдарға – Еуропа Кенесінің Сыйбайлас жемқорлық үшін қылмыстық жауаптылық туралы конвенциясына және ЭҮДҰ-ның Халықаралық коммерциялық мәмілелерді жүзеге асыру кезінде шетелдік лауазымды адамдарды парага сатып алуша күрес жөніндегі конвенциясына қосылу керек.

4-міндет. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда азаматтық қоғамның рөлін күшету

Қоғамдық бақылау институтын дамыту

Азаматтық қоғамның пікірі сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруда мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін бағалаудың "лакмус қағазы" болуға тиіс.

Қоғамдық бақылауды іске асыру тетіктері қоғамдық кеңестердің қызметімен шектелмейді.

Осы бағытта "Қоғамдық бақылау туралы" Заңның қабылдануы маңызды болып табылады, ол мемлекеттік бақылауға балама ретінде осы институтты айқындалап береді.

Арыз иесі туралы және оның сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда көрсеткен жәрдем туралы ақпаратты жария еткені үшін қылмыстық жауаптылық енгізе отырып, оның құпиялылығына кепілдік берілуге тиіс.

5-міндет. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды іске асырудың тиімді мониторингін қамтамасыз ету

Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда үздік нәтижелерге қол жеткізу және қабылданатын шаралардың тиімділігін объективті бағалау мониторингтің тұтас жүйесі арқылы қамтамасыз етілетін болады.

Енгізілетін жобалық тәсілді ескере отырып, ол объективтілік және жариялыштық қағидаттарына негізделетін болады және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы ахуалды нақты уақыт режимінде көрсететін индикатор болады.

Мұндай құрал азаматтардың сыйбайлас жемқорлықтың алдын алуға толыққанды қатысуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, сондай-ақ сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілері басшыларының жұмысын рейтингтік бағалау көзі болып, оларды азаматтардың өмір сүру сапасын нақты жақсартуға ынталандырады.

Сыйбайлас жемқорлық деңгейін әлеуметтанушылық өлшеулерді дамыту мәселесі жүртшылықтың мұндай зерттеулердің нәтижелеріне, оларды жүргізу тәсілдері мен әдістеріне кеңінен қолын жеткізе отырып, жеке қарауды талап етеді.

Сыйбайлас жемқорлықты түйсінудің ұлттық индексін қалыптастыру мәселесі өзекті болып отыр. Бұл сыйбайлас жемқорлықпен күрес шараларының қаншалықты тиімді екенін түсінуге, өзгерістерді бағалауға және іске асырылатын сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатқа түзетулер енгізуға мүмкіндік береді.

6-міндет. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілдегі органның қызметін одан әрі жетілдіру

Сыйбайлас жемқорлықтың алдын алуға баса мән беріліп жатқан кезде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің мемлекеттік органдар мен ұйымдардың дерекқорларына және ақпараттық жүйелеріне, қол жеткізудің нақты негіздерін, алынған ақпаратты теріс пайдалану мен жария ету және оларды қызметтен тыс мақсаттарда пайдалану мүмкіндіктерін болдырмайтын бақылау тетіктерін белгілей отырып, қол жеткізу мәселесін одан әрі пысықтай отырып, үлкен деректерді талдау негізінде интеграцияланған талдау құралдарын қолдану өзекті болып отыр.

Мұндай тетік жасырын зандылықтар мен тәуекелдерінің арақатынасын, сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың үрдістері мен басқа да инсайдтарды анықтауға ықпал ететін болады.

Азаматтардың сыйбайлас жемқорлық алғышарттарының бар екендігі туралы сигналдары кейіннен ден қою шараларын қабылдау үшін үлкен деректерді талдау шенберінде пайдаланылуға тиіс.

"1424" call-орталығы кадрлық және техникалық тұрғыдан озық стандарттарға сәйкес келетін болады.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаудың жаңа тәсілдерінің пайда болуы сыбайлас жемқорлықта қарсы қызмет қызметкерлерінің біліктілігін үздіксіз сапалы арттыру процесін талап етеді.

Цифрлық қаржы активтерін, криптобиржаларды және басқа да цифрлық платформаларды пайдалана отырып жасалатын қылмыстарды анықтау және олардың жолын кесу жөніндегі шаралар қабылданатын болады.

Сыбайлас жемқорлықта қарсы іс-қимыл мәселелерінде одан арғы байыпты халықаралық ынтымактастық шенберінде сыбайлас жемқорлықта қарсы озық стандарттарды имплементтеу жөніндегі жұмыс, оның ішінде ГРЕКО-ның және ЭЫДҰ-ның ұсынымдарын іске асыру арқылы жалғасатын болады.

6-бөлім. Нысаналы индикаторлар және күтілетін нәтижелер

6.1. 2026 жылдың қорытындысы бойынша нысаналы индикаторлар:

- 1) Transparency International сыбайлас жемқорлықты түйсіну индексі – 47 баллдан төмен емес;
- 2) өткен 12 айда кемінде бір рет мемлекеттік лауазымды адаммен байланыс жасаған және мемлекеттік лауазымды адамға пара төлеген немесе осы мемлекеттік лауазымды адам пара талап еткен адамдардың үлесі (Орнықты даму мақсаттарының 2030 жылға дейінгі ұлттық индикаторлары тізбесіндегі жаһандық индикатор) – 25,3%-дан жоғары емес;
- 3) Дүниежүзілік банктің мемлекеттік басқару тиімділігі индексі (Government Effectiveness) – 74-75 процентильден төмен емес;
- 4) Дүниежүзілік экономикалық форумның Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексінің "Институттар" индикаторы – 48-орыннан төмен емес;
- 5) Дүниежүзілік сот төрелігі жобасының Зан үстемдігі индексі (World Justice Project, Rule of Law Index) – 0,57 баллдан төмен емес;
- 6) Дүниежүзілік банктің халықтың пікірін есепке алу және мемлекеттік органдардың есептілігі индексі (Voice and Accountability) – 57,5 процентильден төмен емес;
- 7) Дүниежүзілік банктің сыбайлас жемқорлықты бақылау индексі (Control of Corruption) – 48-50 процентильден төмен емес;
- 8) елдің ЖІӨ құрылымындағы мемлекеттің экономикаға қатысу үлесінің қысқаруы – 13,9%-дан жоғары емес;


9) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы қызметке халықтың сенім деңгейі (Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі өткізетін нәтижелілікті бағалау шеңберінде) – 66 %-дан төмен емес.

6.2. 2026 жылдың қорытындысы бойынша күтілетін негізгі нәтижелер:

- 1) азаматтық қоғамның сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға барынша тартылуы;
- 2) ашық және қоғамға ёсеп беретін мемлекеттік аппарат;
- 3) сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін басқарудың тиімді жүйесі;
- 4) транспарентті бюджеттік процестер және бәсекелес сатып алу;
- 5) сыйбайлас жемқорлық үшін жауапқа тартудың әділ жүйесі.

Директордың м.а.

М.А



Н.Е.Абуов

Исполнитель: И.А. Анафияев
87782741545